

**6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін ізденуге ұсынылған «Қазақстан Республикасының
тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз
етуді жетілдіру» атты тақырыбындағы БотабаеваРауан Еркебаевнаның
докторлық диссертациялық жұмысына ресми оппоненттің, фарм.ғ.к. доцент
Бекенов Кудайберген Елтекулының**

РЕЦЕНЗИЯСЫ

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда фармацевтикалық өнеркәсіп әлемнің көптеген елдерінің ең табысты салаларының бірі. Сонымен қатар фармацевтикалық нарық – бұл әрбір ел экономикасының маңызды секторы, оның экономикалық және әлеуметтік дамуының, тұрғындарының әл-аухат деңгейінің көрсеткіші.

Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке Ұлттық фармацевтикалық өндірушілер есебінен ішкі тұтынуды дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы 2009 жылы Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту жөніндегі бағдарламасының жалғасы ретінде бекітілген, бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі халықты қауіпсіз, тиімді, сапалы және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі күні байқалып отырған фармацевтикалық нарықтағы өсім импорттық дәрі-дәрмектердің басымдылығымен және бағаларының өсуімен түсіндіріледі. Қазіргі таңда Денсаулық сақтау жүйесіндегі пайдалы салалардың бірі фармацевтикалық нарықты, дәрілік заттар арасындағы отандық нарыққа беймделу мәселелерін терең талдауды қажет ететіндігіне ешкімнің күмәні жоқ.

Сондықтан, Қазақстан Республикасындағы фармацевтикалық өндірістерді дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау және оның өнімділігін арттыру ұлттық экономиканы дамытуға ең қолайлы жолдардың бірі болып табылады. Осының арқасында республика аумағында шамадан тыс көбейіп кеткен импорттық дәрі-дәрмектерді отандық фармацевтикалық заттармен алмастыруға жол табылады. Қазіргі таңда экономикада қалыптасып отырған тоқырауды тек қана импорттық заттарды отандық тауарлармен алмастыру арқылы шешуге болады.

Фармацевтикалық саланы басқарудағы қысқа мерзімді жылдам шешім қабылдау ісі маркетингтік талдауға және қысқа мерзімді маркетинг жүргізуге негізделді. Тексерілген стратегиялық шешімді қабылдау үрдісінде, басқару нысанының жүйелі мониторингі анықтауға мүмкіндік беретін, ұзақ мерзімді даму бағытын ескеру қажет.

Сонымен, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібінің тұрақты дамуы үшін, осы үдерістерді маркетингті зерттеу мен мемлекеттік қолдау негізінде, жаңа инновациялық әдістерді енгізуді қамтамасыз ету қажет. Болатын өзгерістерді талдаусыз және бүгінгі күннің талаптарын анықтамай, салаға жеке инвестицияларды тарту механизмін пайдаланусыз, мемлекеттік қолдау деңгейін анықтамай Қазақстанның фармацевтикалық саласын одан ары дамыту мүмкін емес.

Осыған байланысты Р. Е. Ботабаеваның диссертациялық жұмысы, дәрілік заттар импортының отандық дәрілермен орын алмастыру және Қазақстан Республикасының отандық дәрі-дәрмектерін тұтыну мүмкіндігін кеңейту әдістемелерін жасап, оның жетік қызметтік моделін ұсынуға арналған еңбек болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселелер диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін белгілеуге себепші болды.

Диссертацияға қойылған талаптар негізіндегі ғылыми нәтижелер.

Р. Е. Ботабаеваның диссертациясының мазмұны: нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 5 тараудан, қорытындылардан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында автор әдеби шолуды талдау, көптеген зерттеушілердің Қазақстан Республикасында импорттық дәрі-дәрмектерді отандық дәрі-дәрмектермен алмастыру бағдарламасын орындауда негізгі атқарылған жұмыстарды жан-жақты талдаған. Отандық нарықтағы импорттық дәрі-дәрмектердің үлес салмағының аса жоғары екендігін анықтап, бұл саладағы Қазақстанның үлес салмағының өте төмен болып қалып отырғандығын байқатты.

Осы уақытқа дейін біздің республикамызда нарықтық саладағы импорттық дәрі-дәрмектерді отандық дәрі-дәрмектермен ауыстырудың тиімді жолдары, оның ішінде менеджмент пен маркетинг мәселелері толық қаралмаған. Соңғы кезеңде қалыптасқан әлемдік экономикалық тоқырау фармацевтикалық нарыққа да өзінің әсерін тигізуде. Сондықтан фармацевтика ғылымы мен тәжірибиесінің алдында, осы саланы мемлекеттік тұрғыда реттеу, саланы инновациялық механизмдерді қолдана отырып, одан ары дамыту және бұл салада экспорттық қуатын арттыру мәселелерін ғылыми теоретикалық тұрғыда шешу мәселелері қаралған.

Диссертациялық зерттеудің 2-ші тарауында зерттеу материалдары мен әдістері көрсетілген. Ғылыми жұмыстың зерттеу әдістері ретінде ретроспективті, квалитетриялық, логикалық, салыстырмалы, маркетингтік SWOT талдау, сараптамалық бағалау әдісі, рандомизация және математика-статистикалық, корреляциялық, регрессиялық әдістері қолданылды.

Зерттеу материалдары өзінің жеткіліктілігімен, деректілігімен және нақты салыстырмалы айырмашылықтарымен айқындалады. Сөйтіп, зерттеу барысында қолданылған әдістердің жұмыс құрамы мен өңдеуге қажетті бағыттарды дұрыс сараптау, нәтижелердің өте мәліметті болуына ықпал етті.

3-ші тарауда Қазақстан Республикасында фармацевтикалық нарықты зерттеу нәтижелері барысында, тұрғындардың дәрі-дәрмекті пайдалануға сұранысын арттыратын аурушандық көрсеткіштерін анықтадық. 2010-2015 жылдар аралығында аурушандықтың таралу деңгейі (жалпы аурушандық) 100 000 Республика тұрғынына балап есептегенде 105 099,0 оқиғадан 105 937,6 оқиғаға дейін артқан. Немесе 1,74% өскен. Ал, алғашқы аурушандық көрсеткіші 69 479,5 оқиғадан 71 748,3 оқиғаға дейін жоғарлаған немесе 326% артқан. Ал, созылмалы аурушандық болса 4,04% көбейіп отыр. Тұрғындардың денсаулығының нашарлауы, олардың дәрі-дәрмекке сұранысын арттыратындығы белгілі болды.

Келтірген деректер дәрілердің нарықтағы сатылымына өте күшті әсер ететінділігін көрсетеді. Алайда фармацевтикалық нарқта сатылып жатқан дәрі-дәрмектердің басым бөлігі импорттық тауарлар екендігі байқалады.

2005-2015 жылдардағы фармацевтикалық нарықтағы дәрі-дәрмектердің құрамы мен динамикасы зерттеу, оның 90% импорттық, ал 10% отандық дәрілерден тұратындығын көрсетеді. Осы жылдардағы импорттық дәрілердің отандық дәрі-дәрмектермен алмасу деңгейі бар болғаны 4%-ды құраған.

Бұл жағдай, отандық дәрілердің нарықтық ортадағы диверсификациясының аса жоғары еместігін көрсетеді. Отандық фармацевтикалық заттардың диверсификациясын қамтамасыз ету үшін, жергілікті фирмалардың өндірістік ахуалын зерттеу маңызды орын алады.

«Химфарм» АҚ зауыты (Шымкент) барлық отандық фармацевтикалық препараттардың 44,20% өндірсе, «Нобел АФФ» ЖШС (28,98%), СП «Глобал Фарм» ЖШС (8,69%), қалған зауыттардың үлес салмағы аса жоғары емес 18,13% өнімдерді шығаратындығы анықталған.

Импорттық фармацевтикалық тауарлардың басым бөлігі Германия (16,0%), Франция (12,0%), Үндістан (9,0%), Ресей (7,0%), Италия (4,0%), Словения (4,0%), Литва (4,0%), Польша (3,0%), Испания (3,0%) және Венгрия (3,0%) мемлекеттерінен әкеліндігі көрсетілген.

Отандық фармацевтикалық нарық импорттық дәрі-дәрмектердің диверсификациясымен сипатталады, себебі олардың сатылу маркасы жеткілікті деңгейдегі брендпен, науқастармен, белсенді жарнамалаумен және дәрігерлер мен провизорлардың жоғарғы дәрежеде қолданылуымен қамтамасыз етілген. Отандық дәрілерді диверсификациялау үшін осы бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарын жеткілікті дәрежеде қаржыландырып патентке ие, брендті жоғары, емдік қасиеттері шетелдік аналогтардан артық дәрі-дәрмектерді жасап, өндірісін арттыру қажет. Отандық дәрігерлер мен провизорлардың және науқастардың өзіміздің дәрілерге деген көзқарасын арттырып, Қазақстандық формулярлық жүйенің тізіміне ендіруге жол ашу қажеттігін анықтаған.

4-ші бөлімде диссертациялық жұмыста әлеуметтік зерттеу жүргізуге арнайы дайындалған құжаттар С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің Локальды этикалық комиссиясымен тексеріліп, сараптамалық қорытынды берілген (№4 хаттама 04.05.2016 ж.). Нәтижесінде Қазақстан Республикасында вегетативті-тамырлы дистонияны емдеуге қолданылатын дәрілердің түрлеріне әлеуметтік зерттеу және регрессиялық талдау жүргізіліп, «Корватаблет» отандық препаратының тәжірибелік қолданылу аясын кеңейту мүмкіндігін анықтады.

Дәрі-дәрмектердің нарықтағы орны көптеген маркетингтік себептерге тікелей байланысты. Оның ішінде фармацевтикалық фирманың имиджі немесе нарықтық таңбасы ерекше роль атқарады. Оның абыройы жоғары болған сайын фирманың нарықтағы дәрілердің өтімділігі және бағасы жоғарылай түседі. Екінші орында дәрі-дәрмектердің өтімділігін арттыруға бағытталған фирманың жарнамасы. Осы бағытта фирманың жұмсайтын қаржысы артқан сайын, дәрі-дәрмектердің өтімділігі де жоғарылай түседі. Науқастардың дәріні қабылдағаннан кейінгі оның тиімділігі туралы қалыптасатын пікірі де басымдыққа ие. Дәріханаларға барған науқастардың басым бөлігі фармацевтердің кеңесіне жүгінеді. Сондықтан олардың сатылымдағы дәрілердің тиімділігі туралы ойын социологиялық зерттеу арқылы тексеріп отырудың маңызы өте жоғары екендігін көрсеткен.

«Химфарм» АҚ отандық өндірушінің дәрілік заттарын тұтынушылық нарыққа шығарудың мүмкіндіктері мен қатерінің SWOT-талдауы жасалып, аталған нарыққа шығарудың күшті жағының әлсіз жағынан басым екендігін анықтаған.

5-ші тарауда алынған нәтижелердің арқасында «Корватаблет» дәрілік препаратының медициналық тиімділігін сараптамалық бағалау негізінде отандық дәрілік заттарды алудың диверсификациясының ғылыми негізделген жобалық моделі жасаған.

Диссертацияның барлық тараулары өзара логикалық тұрғыда тығыз байланысқан, зерттеу нәтижелері қорғауға ұсынылған қағидалардың дұрыстығын толық ашып көрсеткен.

Осылайша, диссертация талаптары негізінде алынған Р. Е. Ботабаеваның ғылыми нәтижелері, 6D110400 – «Фармация» мамандығының сұраныстарына сәйкес келеді.

Диссертация нәтижелері мен қорытындыларының дәлелділік және деректілік деңгейі.

Диссертациялық жұмысты талдау негізінде зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелері толық қаралған. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін қолданылған заманауи әдіс-тәсілдер диссертациялық зерттеудің қорытындыларын дәлелді жасауға мүмкіндік береді.

Ізденушінің диссертациядағы әрбір ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша жаңалығының дәрежесі.

Отандық дәрілік препараттардың нарықта алға жылжыту диверсификациясын ұйымдастыру функционалды жүйесі ғылыми негізделіп, оның ғылыми анықтамасы берілді. Зерттеу нәтижелері бойынша «Отандық өндірістегі дәрілік препараттардың диверсификация стратегиясын ғылыми негіздеу» және «Научное обоснование стратегии диверсификации лекарственных препаратов отечественного производства» атты әдістемелік құралдар жасалынып, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің Ғылыми Кеңесімен бекітілген (№8 хаттама 24.05.2016 ж.).

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі «Денсаулық сақтауды дамытудың Республикалық орталығы» ҚР ДСӘДМ ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы бар (№ 5 хаттама, 12.08.2016 ж.). Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінен «Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы құалік» № 1858 – 25.08.2016 ж. алынып, авторлық құқығы берілген.

Әдістемелік нұсқаулықтар оқу үрдісі мен тәжірибелік қызметке енгізілді. Енгізу актітері бар.

Сонымен, жұмыста негізгі нәтижелер мен диссертацияда тұжырымдалған қорытындылардың жаңалық деңгейі жоғары деуге негіз бар.

Нәтижелердің ішкі өзара біртұтастығын бағалау

Зерттеу мақсат пен міндеттері диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған нәтижелермен және қорытындылармен өзара үйлескен. Ал өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, негізгі нәтижелері арасында өзара біртұтастығы айқын байқалады. Зерттеуді ауқымы мен қолданылған әдіс-тәсілдері диссертациялық жұмыстың алға қойылған мақсатына сай келе, бір-бірімен қисынды өзара байланысқан. Бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің біртұтастығының бірыңғай құрылымын көрсетеді.

Қорғауға шығарылатын қорытындылар мен негізгі нәтижелер, тәжірибелік нұсқаулар заңды түрде жұмыстың мазмұнынан шығады.

Алынған нәтижелердің өзекті мәселені шешуге бағыттылығы.

Р. Е. Ботабаеваның Қазақстан Республикасында Отандық дәрілік препараттарды («Корватаблет» препарат мысалында) шетелдік аналогтарымен (Корвалол, Валокордин, Грандаксин, Персен және Ново-Пассит) салыстырғандағы фармацевтикалық нарықтағы медициналық тиімділігіне, сұраныстар мен ұсыныстарға әлеуметтік зерттеу жасап, тиімді пайдалану мүмкіндігін кеңейту жүйесінің жаңа әдіснамасын отандық фармацевтикалық кәсіпорындар жұмысына және оқу үрдісіне енгізді.

Осыған байланысты жоғарыда аталған мәселелерің өзектілігі аясында осы жұмысты талқылай келе, оның дер кезінде орындалғандығын, қазіргі таңдағы қажеттілігін және пайдалылығын атап өткен жөн.

Диссертациялық еңбектің қол жеткізілген нәтижелері мен қорытындылары төменде көрсетілген ғылыми тәжірибелік журналдарда жарияланды:

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 24 ғылыми баспа жарық көрген, атап айтқанда: Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 4 мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 13 мақала мен тезистер, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда – 7 мақала жарияланған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 2 әдістемелік нұсқаулар әзірленіп, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Әдістемелік құралдар С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің Ғылыми Кеңесімен бекітіліп (№8 хаттама 24.05.2016 ж.). Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі «Денсаулық сақтауды дамытудың Республикалық орталығы» ҚР ДСӘДМ ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы (№ 5 хаттама, 12.08.2016 ж.). Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінен «Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы құалік» № 1858 – 25.08.2016 ж. алынып авторлық құқығы берілген.

Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері

Диссертациялық жұмыста кейбір механикалық жаңсақ басылу мен стилистикалық дәлсіздіктер кездеседі. Сонымен қатар, бірнеше ұсыныс жасау қажет, соның ішінде:

1. Суреттер мен кестелердің нөмірлерінің реттілігі сақталмаған.
2. Белгілеулер мен қысқартылған сөздердің кейбірі орысша қалпында аударылмай қалып кеткен;

3. Диссертациялық жұмыста «социологиялық зертеуді» – «әлеуметтік зерттеу» деп өзгерту.

Бірақ жоғарыда аталған ескертпелер маңызды болып саналмайды. Олар оңай жойылады.

Қорытынды

Осылайша, «Қазақстан Республикасының тұрғындарын отандық өндірістегі дәрілік препараттармен тиімді қамтамасыз етуді жетілдіру» тақырыбындағы Р.Е. Ботабаеваның диссертациялық жұмысы алға қойған мақсаты, міндеттері, көлемі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы бойынша білікті, өз бетінше толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады. 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін ізденуге арналған диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

Рецензент,
М. Оспанов ат. Батыс Қазақстан
Мемлекеттік медицина университетінің
«Химиялық пәндер курсымен
фармацевтикалық пәндер»
кафедрасының фарм. ғ.к. доценті



Бекенов К. Е.